



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшьева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумагалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкурентоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифровизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

на очевидные преимущества, цифровизация сталкивается с рядом серьезных проблем, таких как нехватка квалифицированных специалистов в области информационных технологий, вопросы безопасности данных и высокие затраты на внедрение новых технологий. Эти вызовы требуют комплексного подхода и координации усилий всех заинтересованных сторон, включая государственные органы, частный сектор и академические круги. Перспективы развития цифровизации налогового администрирования в Казахстане заключаются в дальнейшей интеграции различных государственных информационных систем, внедрении передовых технологий и усилении мер по защите данных. Эти меры помогут создать более эффективную, безопасную и прозрачную налоговую систему, что, в свою очередь, поспособствует улучшению налогового климата и поддержке экономического роста страны. В целом, успешная цифровизация налогового администрирования требует не только технологических и финансовых усилий, но и внимательного отношения к обучению кадров, развитию правовых и организационных норм, что позволит Казахстану выйти на новый уровень в сфере государственного управления и налогообложения.

Список литературы

1. Министерство финансов Республики Казахстан. (2022). *Цифровизация налогового администрирования в Казахстане: текущее состояние и перспективы*. Астана: Министерство финансов.
2. Ермеков, Н. К. (2021). *Цифровая трансформация государственных услуг в Казахстане*. Алматы: Экономика.
3. Сидорова, В.А. (2023). *Аудит цифровых решений в государственном секторе: примеры из Казахстана*. Алматы: Наука.
4. Государственная корпорация "Правительство для граждан". Официальный сайт. [Электронный ресурс]. URL: <https://egov.kz>
5. OECD. (2020). *Digital Government Review of Kazakhstan*. Paris: OECD Publishing.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНГЕ БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІ

Мәмшөтов С.Ж.

«Мемлекеттік аудит» БББ 1 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
Республикасы

E-mail: smstv030703@mail.ru

Аңдатпа. Агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) – көптеген құрылымдық элементтерді қамтитын күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе бола отырып, мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуші стратегиялық бағыты болып табылады. АӨК тұрақты дамуы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға және ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Осы

мақсатта мемлекет АӨК-ті қолдау үшін жыл сайын қомақты бюджет қаражатын бөледі. Алайда бөлінген қаражаттың тиімді және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін тиісті аудиттік бақылау жүргізу қажет. Аталған мәселелерді шешу мемлекеттік бюджет қаражатының көмегімен іске асырылатыны, яғни оны өз кезегінде тиімді және мақсатқа сәйкес жұмсалыуына баға беруге мүмкіндік беретін, соның ішінде АӨК дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі аудитін ұйымдастыру және өткізу тәртібін, рәсімдерін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Аннотация. Агропромышленный комплекс (АПК) – стратегическое направление, обеспечивающее продовольственную безопасность государства, являясь сложной социально-экономической системой, включающей в себя множество структурных элементов. Устойчивое развитие АПК способствует обеспечению продовольственной безопасности, повышению производительности труда в сельском хозяйстве и улучшению социально-экономического положения сельских регионов. С этой целью государство ежегодно выделяет значительные бюджетные средства для поддержки АПК. Однако для обеспечения эффективного и целевого использования выделенных средств необходимо провести соответствующий аудиторский контроль. Указывает на необходимость совершенствования порядка, процедур организации и проведения аудита эффективности использования бюджетных средств, в том числе направленных на развитие АПК, что решение данных вопросов реализуется с помощью средств государственного бюджета, то есть позволяет в свою очередь оценить их эффективное и целесообразное расходование.

Annotation. The agro – industrial complex, being a complex socio-economic system containing many structural elements, is a strategic direction of the state, ensuring food security. Sustainable development of the agro-industrial complex contributes to ensuring food security, increasing labor productivity in agriculture and improving the socio-economic situation of rural regions. To this end, the state annually allocates significant budget funds to support the agro-industrial complex. However, in order to ensure the effective and targeted use of the allocated funds, it is necessary to conduct appropriate audit control. The fact that the solution of these problems is carried out with the help of state budget funds, that is, it is necessary to improve the procedure and procedures for organizing and conducting an audit of the effectiveness of the use of budget funds, including aimed at the development of the agro-industrial complex, which, in turn, allows us to assess its effective and appropriate spending.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен, субсидия, тиімділік аудиті, бюджет қаражаты

Мемлекеттік аграрлық саясат – бұл ауыл шаруашылығы мен ауылдық аймақтардың тұрақты дамуына бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі. Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы олардың әлеуметтік-экономикалық өсуін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің артуын, саланың тиімділігін жақсартуды, ауыл халқының толыққанды жұмыспен

қамтылуын және тұрмыс деңгейінің жоғарылауын, сондай-ақ жер ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтиды.

Қазақстан агроөнеркәсіптік әлеуеті жоғары мемлекет ретінде агроиндустриялық елдер қатарына жатады. Елдің ұлттық экономикасында агроөнеркәсіптік кешен жетекші рөл атқарады және оның дамуы экономикалық әрі нормативтік-құқықтық негіздерге байланысты жүзеге асатын көптеген реформалармен реттеліп отырады [1].

Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімі 2023 жылы 70714,1 млрд. теңгені, ал ауыл шаруашылық жалпы өнім шығарылымы сәйкес жылы 6244,3 млрд. теңгені құраған, алдын ала мәліметтер бойынша бұл ЖІӨ-нің 5,3%-ын құрап отыр. Жұмыспен қамтылған халық 2023 жылы 8732,0 мың адам болса, соның ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылған халық саны 1175,4 мың адамды, яғни, 13,5%-ды құрап отыр. Ал адам басына шаққандағы еңбек өнімділігі 2023 жылы 3000,4 мың теңгені, 2024 жылы 3334,8 мың теңгені құрап отыр [2]. Ақпарат негізінде агроөнеркәсіп кешенінің ұлттық экономикадағы орны маңызды деген қорытынды жасауға болады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі аудитін ұйымдастыру және оның нәтижелерінің баршаға қолжетімді болуын қамтамасыз ету – өзекті мәселелердің бірі. Бұл Тұрақты даму мақсаттарының бірі болып табылады және жұмсалған бюджет қаражатының ашықтығын қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде тиімділік аудиті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстанда «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданғанымен, тиімділік аудитін, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешенге жұмсалған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін бағалауға арналған зерттеулер жеткіліксіз немесе мүлдем жоқ деуге болады. Сондықтан тиімділік аудиті ұғымына шолу жасап, оны агроөнеркәсіптік кешен саласында қолдану мүмкіндіктерін қарастыру маңызды.


Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚР Заңында: «тиімділік аудиті – мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына бағалау және талдау» деп анықталған [3].

Мемлекеттік шығыстардың тиімділік аудиті – бюджет қаражатын пайдалануды бағалаудың ең ықпалды құралдарының бірі болып табылады. Ол мемлекеттік қаржының пайдалану нәтижелілігін талдауға, шығындарды оңтайландырудың ықтимал резервтерін анықтауға және қаржының негізді жұмсалуын бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аудит нақты көрсеткіштердің жоспарланған нәтижелерден ауытқу себептерін зерделеп, оларды барынша оң әлеуметтік-экономикалық әсерге бағыттауға ықпал етеді. Тиімділік аудитінің негізгі нысаны – мемлекеттік ресурстарды қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында пайдалану нәтижелері болып табылады [4].

А.Н. Саунин мемлекеттік қаражаттардың тиімділік аудитінің пайда болуы шетелдерде кеңінен пайдаланылып жатқан мемлекеттің қаржылық жүйесінің дамуы үрдісінде заңдылық ретінде қалыптасып пайда болғанын атап өткен. Авторлар аудиттің осы түрінің түрлі проблемаларын көтереді, бірақ бұл құралды Қазақстанда АӨК дамытуға жұмсалған бюджет қаражатының тиімділік аудитін

жүргізуін реттейтін нормативтік актілерінің ережелерімен өзара байланыста қарастыру, осыған байланысты туындайтын мәселелерді көтеру және оларды шешу жолдарын белгілеу қажет [5].

АӨК дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті келесі мақсаттарды көздейді:



Сурет 1. АӨК дамытуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділік аудиті мақсаттары

Ескертпе: автормен құрастырылған

Жоғарыда агроөнеркәсіп кешенін дамытуға жұмсалған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті ұғымына қатысты ақпараттарды зерттей келе, ең алдымен осы бағыттағы тиімділік аудитінің мақсатын дұрыс түсіну және анықтау, және оның сапасын жалпы жақсарту мақсатында келесідей анықтама беруге болады: «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті бұл жауапты мемлекеттік орталық орган қызметінің және бюджет қаражатын алушылардың сала ерекшелігін ескере отырып қабылданған ұлттық жобаға не бағдарламаны іске асыруға жұмсалған бюджет қаражатының сәйкестігін, өнімділігін, үнемділігін және нәтижелілігін көпкритериалды талдау арқылы анықтау және осы саланың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тәуелсіз бағалау және тексеру болып табылады» [6].

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі елдің агроөнеркәсіптік кешенін одан әрі дамытуға зор мүмкіндік бар екенін атап өтеді. Майлы дақылдар мен ет өндірісі салаларында экспорттық әлеует артып, ал астық пен ұн өндірісі бойынша Қазақстан қысқа мерзім ішінде әлемдегі ірі экспорттаушы елдердің қатарына қосылды. Еуразиялық экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік ету елдің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігіне жоғары талаптар қояды. Осыған орай, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу ерекше маңызға ие. Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі бюджет қаражатының нәтижелі әрі ұтымды пайдаланылғанын көрсетеді.

ҚР-ның 2022-2024 жж. аралығында ауыл шаруашылығы бойынша макроэкономикалық негізгі көрсеткіштер динамикасы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте


Көрсеткіштер	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), млрд. теңге	70649,0	83951,6	103765,8
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млрд. теңге	6334,6	7515,4	9223,0
Субсидия алушылар ЖІӨ, млрд теңге	3659,7	4347,9	5700,7
ЖІӨ-де үлесі, %	5,4	5,1	5,3
Мемлекеттік бюджет шығындары, соның ішінде млрд. теңге	16725,1	17951,9	21532,5
-ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары, млрд. теңге	668,3	717,8	816,4
Шығындар құрамындағы үлесі, %	4,0	4,0	3,8
Бюджет қаражатының 1 тг-не келетін ауыл шаруашылық өнім шығарылымы	5,48	6,06	6,98

Ескертпе: [2] ақпарат негізінде автормен құрастырылған

1-кесте мәліметтерінен ЖІӨ құрамындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымының үлесі 2022-2024 жж. аралығында құбылмалы болған, 2022 жылы 5,4%-ды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға азайған.

Мемлекеттік бюджет шығындары 2024 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 1,3 есе, ал ауыл шаруашылығы саласына жұмсалған мемлекеттік бюджет қаражаты аталған кезеңде 1,2 есе өскен. Бюджет қаражатының бір теңгесіне келетін ауыл шаруашылық өнім шығарылымы 2024 жылы 2022 жылмен салыстырғанда аралығында 21,5%-ға өскен. Бұл оны пайдалану тиімділігінің өскенін көрсетіп тұр. Бюджет қаражатының бір теңгесіне келетін ауыл шаруашылық өнім шығарылымы 2024 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 теңгеге ғана өскен. Бұл бюджет шығындарының арту қарқынынан анағұрлым төмен екендігін көрсетіп тұр.

АӨК саласы республикалық және жергілікті бюджеттен, басқа да көздерден қаржыландырылады. Жалпы, ҚР АӨК 2020-2024 жж. дамытуға бағытталған бюджет қаражаты, басқа да көздер динамикасының өзгерісі 2-суретте келтірілген.



Сурет 2. ҚР АӨК 2020-2024 жж. дамытуға бағытталған қаражаттар динамикасының өзгерісі, млрд. Теңге

Ескертпе: [7] ақпарат негізінде автормен құрастырылған

Жалпы динамикадан 2020-2024 жж. аралығында басқа да көздер есебінен қаржыландыру көлемі 306,2 млрд. теңгеден 267,6 млрд. теңгеге дейін қысқартқанын байқауға болады. Қаржыландырудың әділ емес қарастырылғанын және барлық салмақ республикалық бюджетке түсетіндігін көруге болады. Бағдарламаны жоспарлау кезінде «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі ҚР Заңына сәйкес азық-түлік тауарларының түрлері бойынша азық-түлік тәуелсіздігі егер олардың жылдық өндірісі халықтың қажеттілігінің 80%-ын қамтамасыз етсе, танылады деп анықталған [7].

Сонымен, жоғарыдағы тәжірибе негізінде, енгізу қажет бірнеше ұсыныстар пайда болды. Атап айтқанда, АӨК дамытуға бөлінген бюджет қаражатын жоспарлаушы негізгі орган – Ауыл шаруашылығы министрлігі болғандықтан, тиімділік аудитін жүргізу маңызды. Бұл аудит бюджет қаражатының бағыттарын айқындайтын орталық мемлекеттік органның және қаражат алушылардың белгіленген тікелей және түпкілікті көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қабылдаған шараларының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Тиімділік аудитінің аудиторы осы процесті талдап, оның нәтижелілігіне баға беру қажет.

АӨК дамытуға бағытталған ұлттық жобаны жоспарлаудан бастап, оны іске асырғанға дейін нәтижеге бағытталған бюджеттеуді енгізе отырып, бағдарлама мақсатын анықтау кезінде оны сандық өлшеу арқылы және оған жету деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін тиімділік аудитінің әдіснамасын ұсыну қажет.

АӨК сала ретінде дамыту үшін бағытталған бюджет қаражатының тиімділігін бағалау үшін, оған қатысатын экономикалық субъектілердің тікелей

және қорытынды нәтижелерге жетпегені үшін жауапкершілікке тарту деңгейі анықталмаған, сонымен қатар осы көрсеткіштерге жетудің сала ерекшелігін ескере отырып өзара әрекеттері мен қаржыландырудың нақты тәртібі көлемі мен мерзімдері бекітілмеген, тәуекелдер жүйеленбеген.

АӨК дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жоспарлау кезеңінде жан-жақты жүйеленбеген, «қымбат» бағдарламаларға жұмсалған бюджет қаражаты тиімділігінің төмен болуы, орындалатын шаралардың үйлесімсіздігі деуге болады. Сондықтан мұндай бағдарламаларды құрудың ғылыми негізделген нақты әдістемесі қажет.

Қорытындылай келе, Агроөнеркәсіптік кешен – ел экономикасының негізгі секторларының бірі болып табылады. Оның тұрақты дамуы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға және ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>
2. 2023-2024 жылдардағы алдын-ала деректер. - <https://stat.gov.kz/>
3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
4. Саунин А.Н. О содержании аудита эффективности использования государственных средств как нового типа государственного финансового контроля // Управление наукой и наукометрия. – 2008. – Т. 3, №1. – С. 348-358.
5. Саунин А.Н. Аудит эффективности в государственном финансовом контроле // Финансы. – 2004. – №9. – С. 54-60.
6. Спатаева С.Б., Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті
7. Spatayeva S.B., Karabayev E.B., Nikiforova E.V. External state audit of the effectiveness of the use of budgetary funds aimed at ensuring food security of the Republic of Kazakhstan // Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 2021. – №4. – С. 214-221.

АУДИТ ЭФФЕКТИВНОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ В ОБЛАСТИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Рапилбекова А.Г

магистрант 1 курса ОП «Государственный аудит»

Евразийский национальный университет им Л.Н.Гумилева, г.Астана,

Республика Казахстан

E-mail: rapilbekova.anel@mail.ru